

Қаржау Ж. Э.*

магистрант

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: elbursovna@gmail.com

ORCID: 0009-0006-5134-2547

Асилова А. С.

Э.Ф.К

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университеті

Алматы қ., Қазақстан

e-mail: Aijan1910@mail.ru

ORCID: 0000-0002-1967-0659

ҚАЗАҚСТАН ӨНІРЛЕРІНІҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан экономикасының дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда инвестициялық тартымдылықтың рөлі зерттеледі. Инвестиция экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші. Инвестиция өндірістік қуаттарды жаңартуға, инновациялық технологияларды енгізуге және жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, экономиканы әртараптандыру және инновациялық дамуға баса назар аудару инвестиция тарту арқылы қол жеткізіледі. Зерттеуде Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын салыстырмалы түрде талдау және бағалау арқылы олардың әлеуетін анықтау мақсатында жаңа көрсеткіштер жүйесі ұсынылады. Өңірлердің экономикалық, әлеуметтік және географиялық ерекшеліктері ескеріліп, инвестициялық тартымдылықты арттыру бойынша тиімді стратегиялар ұсынылады. Мақалада 2020-2023 жылдар аралығындағы Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылық рейтингтері талданады. Атырау, Алматы және Астана сияқты өңірлер тұрақты түрде жоғары көрсеткіштерге ие болса, кейбір өңірде (мысалы, Қостанай, Маңғыстау) инвестициялық климатты жақсартуға бағытталған қосымша шаралар қажет екені атап өтіледі.

Зерттеу нәтижелері инвестициялық саясатты жетілдіруге, өңірлік дамудың теңестіруді қамтамасыз етуге және Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін инфрақұрылымды дамыту, бизнес-ортаны жақсарту және білікті кадрларды даярлау сияқты шаралардың маңыздылығы атап өтіледі. Мақала теориялық және практикалық маңызға ие, себебі ол Қазақстан өңірлерінің инвестициялық әлеуетін толық ашуға және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған стратегияларды әзірлеуге көмектеседі.

Түйін сөздер: өңір, инвестициялық тартымдылық, бағалау, өңірлік дамуды теңестіру, фактор, бәсекеге қабілеттілік.

КІРІСПЕ

Қазақстан экономикасының дамуы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін инвестициялық тартымдылықтың маңыздылығы ерекше атап өтіледі. Инвестиция экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші. Ол өндірістік қуаттарды жаңартуға, инновациялық технологияларды енгізуге және жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа жолдауында айтылғандай: «Біз экономиканы әртараптандыруға және инновациялық дамуға баса назар аударуымыз керек. Инвестиция тарту - бұл бәсекеге қабілетті экономиканың негізі». Бұл контексте Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын салыстырмалы түрде талдау және бағалау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Әрбір өңірдің өзіндік экономикалық, әлеуметтік және географиялық ерекшеліктері бар, бұл олардың инвестициялық потенциалын әртүрлі етеді. Сондықтан, өңірлердің инвестициялық тартымдылығын бағалау және салыстыру арқылы олардың дамуына бағытталған тиімді стратегияларды әзірлеуге болады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстанның экономикалық дамуының өңірлік асимметриясын түсіну және оны теңестіру үшін инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыру қажеттілігімен байланысты. Инвестициялық тартымдылықты бағалау арқылы әрбір өңірдің әлсіз және күшті жақтары анықталып, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағыт-

талған шаралар ұсынылуы мүмкін. Бұл зерттеу теориялық және практикалық маңызға ие, себебі ол инвестициялық саясаттың тиімділігін арттыруға және өңірлік дамудың теңестіруді қамтамасыз етуге ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын салыстырмалы түрде талдау және бағалау арқылы олардың инвестициялық әлеуетін анықтау және оны арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын салыстырмалы түрде зерттеу және оны бағалауға арналған жаңа көрсеткіштер жүйесін әзірлеу. Бұл зерттеу өңірлік дамудың теңестіруді қамтамасыз етуге және ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері инвестициялық саясатты жетілдіруге және өңірлердің экономикалық әлеуетін толық ашуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТКЕ ШОЛУ

Өңірлердің инвестициялық тартымдылығы экономикалық өсу мен тұрақты дамудың негізгі факторы. Қазақстан контекстінде, өңірлердің экономикалық, әлеуметтік және географиялық тұрғыдан айтарлықтай айырмашылықтары ескерілгенде, олардың инвестициялық тартымдылығын зерттеу өте өзекті мәселеге айналады. Ваганова О. статистикалық деректерді талдауға және интегралдық көрсеткіштерді пайдалануға негізделген инвестициялық тартымдылықты бағалау әдістемесін ұсынған. Автор өңірлік ерекшеліктерді ескеру қажеттілігін атап өтіп, әртүрлі аумақтардың инвестициялық тартымдылығын салыстырмалы талдауға арналған тәсілдер ұсынады [1]. Адамбекова А. зерттеуінде Қазақстан өңірлерінің инвестициялық климатының ерекшеліктері талданады. Авторлар өңірлердің біркелкі дамымауы, инфрақұрылымның жетіспеушілігі және бюрократиялық кедергілер сияқты негізгі мәселелерді атап өтіп, арнайы экономикалық аймақтарды дамыту және бизнес-ортаны жақсарту арқылы инвестициялық тартымдылықты арттыру бойынша шаралар ұсынады [2]. Roszko-Wójtowicz пен Grzelakтың еңбегінде Польша өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын көпөлшемді талдау ұсынылған. Авторлар экономикалық, әлеуметтік және экологиялық көрсеткіштерді қамтитын кешенді тәсілді қолданып, өңірлердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін олардың теңдікті дамуының маңыздылығын атап өтеді [3]. Алибекова В., Абильдаев С., Шалдарбекова К. мақаласы Қазақстан ауыл шаруашылығының инвестициялық тартымдылығын зерттеуге арналған. Авторлар ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартуға әсер ететін негізгі факторларды (мемлекеттік қолдау, ресурстарға қол жеткізу, инфрақұрылым және климаттық жағдайлар) атап өтеді. Мақалада Қазақстан ауыл шаруашылығының өсу әлеуеті бар екендігі атап өтілгенмен, инвестициялық тартымдылықты арттыру үшін тәуекелдерді азайту және инвесторлар үшін жағдайларды жақсарту шаралары қажет екені атап өтілген [4]. Аманбаева А. А. және т.б. авторлар инвестиция тиімділігін бағалау әдістеріне назар аударады, оларға қаржылық көрсеткіштерді талдау, әлеуметтік-экономикалық әсерлер және дамудың ұзақ мерзімді перспективалары жатады. Мемлекеттік бағдарламалар мен институттардың инвестициялық белсенділікті ынталандырудағы рөлі ерекше атап өтілген [5]. Klymenko, N. және т.б. авторлар қаржылық тұрақтылықты, нарықтық конъюнктураны және сыртқы факторларды талдауға негізделген тәуекелдерді бағалау әдісін ұсынады [6]. Pavlov, K. және т.б. авторлар табиғи ресурстар, мәдени мұра және инфрақұрылым сияқты туристік салаға инвестиция тартуға ықпал ететін негізгі факторларды атап өтеді. Мақалада инновациялық жобаларды талдауға және олардың өңірдің дамуына ықпалын бағалауға негізделген инвестициялық тартымдылықты бағалау әдісі ұсынылады [7].

Қолданыстағы зерттеулердің көпшілігі Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын жалпы түрде талдауға арналған, ал өңірлік зерттеулер жеткіліксіз деңгейде қарастырылған. Қолданыстағы зерттеулер жиі инвестициялық тартымдылықтың жеке аспектілеріне назар аударады, ал барлық негізгі факторларды ескеретін кешенді тәсіл сирек кездеседі. Болашақ зерттеулер Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығын бағалауға арналған кешенді тәсілдерді әзірлеуге, сондай-ақ егжей-тегжей эмпирикалық деректерді жинауға және талдауға бағытталуы керек.

ӘДІСТЕР

Мақаланың теориялық және әдіснамалық негізі жүйелік талдаудың жалпы ғылыми әдістері ретінде салыстырмалы талдау, статистикалық әдістер, сауалнама, сондай-ақ инвестициялық тартымдылықты бағалауға арналған әдіснамалар қолданылады. Зерттеу барысында әлемдік тәжірибеде қолданылатын инвестициялық тартымдылық көрсеткіштері (мысалы, инфрақұрылымның дамуы, еңбек ресурстарының сапасы, салықтық жеңілдіктер, тұрақтылық және қауіпсіздік) негізге алынды.

НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Отандық экономиканың қазіргі жағдайында өңірлердің табысты дамуын қамтамасыз ету ерекше өзекті болып отыр. Бұл өңірлік билік органдарының алдында тұрған экономикалық және әлеуметтік мәселелерді, оның ішінде қолайлы инвестициялық ахуалды құру және қолдаумен байланысты мәселелерді шешуге кешенді тәсілді жүзеге асыруда көрінеді. Бұл өз кезегінде өңірдің инвестициялық тартымдылығын дамытудың негізгі қозғаушы күші болып саналады. Өңірдің инвестициялық тартымдылығы – «өңірдің қызметіне күрделі салымдарды салудың орындылығын, атап айтқанда, қолайлы инвестициялық шарттармен үйлесімде инвестордың тәуекелдің қолайлы деңгейінде инвестицияланған капиталынан мақсатты кіріс алу мүмкіндігін анықтайтын қаржылық-экономикалық көрсеткіштердің жиынтығы» [8].

Өңірлердің инвестициялық тартымдылығына қол жеткізудің іргелі элементі 1-суретте көрсетілген параметрлер жиынтығымен көрсетілетін инвестициялық климат болып саналады.

1-сурет. Өңірдегі инвестициялық ахуалдың негізгі параметрлері



Ескерту: авторлармен дереккөз негізінен құралған [9]

2021 жылдың тамызында елімізге Ресей Федерациясы Үкіметінің Төрағасы Михаил Мишустиннің сапары барысында ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі, РФ Стратегиялық бастамалар орталығы, «Астана» халықаралық қаржы орталығының әкімшілігі және НТИ платформасы арасында Ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Ортақ жобаларды іске асыру үшін Стратегиялық бастамалар орталығы құрылып, Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылық рейтингін әзірлеу жоспарланды. Орталық жұмысы Ресей өңірлеріндегі тәжірибесіне сүйеніп жүргізіледі. Рейтинг 5 бөлімге бөлінген 20 көрсеткішті (11 жылдық және 5 тоқсандық) қамтиды. Стратегиялық бастамалар орталығы әдісте-

месіне сәйкес өңірдің инвестициялық тартымдылығы Қазақстан аумағында инвестицияның орындылығына, тиімділігіне және тәуекел деңгейіне әсер ететін факторларды кешенді талдау арқылы анықталады, 1-кестеде көрсетілген.


1-кесте. Өңірдің инвестициялық тартымдылық факторлары және оның негізгі компоненттері

Фактор	Көрсеткіштер	Сипаттамасы / Мақсаты
Білім беру	- Мектепке дейінгі біліммен қамту - Үш ауысымдық мектептер үлесі - Олимпиада жеңімпаздарының саны	Өңірдің адами капиталын бағалау
Денсаулық сақтау	- Медициналық мекемелердегі төсек-орынның жеткіліктілігі - Нәресте өлімі - Гигиенаға қатысты өлім	Медициналық инфрақұрылым мен әлеуметтік қолдауды көрсету
Экономикалық белсенділік	- Инвестиция көлемі - Шығармашылық экономика үлесі - Шетелдік компаниялар қатысуы	Өңірдің экономикалық даму қарқынын өлшеу
Инфрақұрылым және өмір сапасы	- Су сапасы мен қолжетімділігі - Жол сапасы - Қылмыс деңгейі - Табысы күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі	Тұрғындардың өмір сүру жағдайын бейнелеу
Басқару тиімділігі	- Жемқорлық фактілері - Төріс қоғамдық пікірлер - ЖАО шығыстары	Институционалдық тартымдылық көрсеткіші

Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген[9]

Стратегиялық бастамалар орталығы өңірлік рейтингті 2020 жылдың 4 тоқсанынан бастап жариялап келеді. Инвестициялық тартымдылықты 100 балдық шкаламен есептейді.

2-сурет. Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығының салыстырмалы балдық көрсеткіштері



Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген[9]

Суретте көрсетілген мәліметтерге сәйкес, 2021-2024 жылдар аралығында Қазақстанның бірқатар өңірінің инвестициялық тартымдылығы деңгейінің оң динамикасы байқалады. Атап айтқанда, Атырау облысы, Алматы және Астана сияқты өңірлер инвестициялық тартымдылық бойынша үздіктер қатарында тұрақты көш бастап тұр. Ерекше назар аударарлық өңір – Алматы, онда 2023 жылы көрсеткіш 79,3 балға дейін өсіп, талданатын кезеңдегі ең жоғары мәндердің біріне жетті. Дегенмен, 2024 жылы көрсеткіштің 72,3 балға дейін төмендеуі байқалды, бұл экономикалық жағдайлардың немесе сыртқы факторлардың өзгеруіне байланысты болуы мүмкін. Сондай-ақ, Шымкентке ерекше назар аудару керек, ол 2021 жылы 48,5 балдан 2024 жылы 66,6 балға дейін өсуге қол жеткізді. Бұл осы өңірде инвестициялық ахуалды жақсартуға бағытталған елеулі шаралардың нәтижесін көрсетеді. Сонымен бірге, Қостанай облысы және Ұлытау облысы сияқты өңірлер өз позицияларын төмендетті. Мысалы, Қостанай облысында көрсеткіш 2023 жылы 69,7 балдан 2024 жылы 57,9 балға дейін төмендеді, бұл динамиканың себептерін қосымша талдауды қажет етеді. Қазақстан өңірлерінің инвестициялық тартымдылығы рейтингтері статистикалық мәліметтер негізінде құрастырылады. Бұл әлеуетті инвесторларға әрбір өңірдің экономикалық жағдайы мен инвестициялық ахуалы туралы өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл, әсіресе, қандай да бір жобаларға қаржы салу туралы негізделген шешімдер қабылдау үшін өте маңызды.

2-кесте. Қазақстан өңірлеріндегі инвестициялық ахуал жағдайының ұлттық CSI рейтингі

Өңір	Рейтингтегі орны				Өзгерісі		
	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2020-2021 жж.	2021-2022 жж.	2020-2023 жж.
Атырау облысы	1	1	2	1	—	▼	—
Алматы қаласы	3	12	1	2	▼	▲	▲
Қарағанды облысы	5	10	16	3	▼	▼	▲
Астана қаласы	4	2	3	4	▲	▼	—
Павлодар облысы	6	4	6	5	▲	▼	▲
Ақтөбе облысы	2	13	14	6	▼	▼	▲
Ақмола облысы	13	5	13	7	▲	▼	▲
Қызылорда облысы	14	14	12	8	—	▲	▲
Солтүстік Қазақстан облысы	9	6	7	9	▲	▲	—
Батыс Қазақстан облысы	11	7	8	10	▲	▼	▲
Шымкент қаласы	18	8	19	11	▲	▼	▲
Жамбыл облысы	10	3	10	12	▲	▼	▼
Жетісу облысы	-	-	18	13	—	—	▲
Абай облысы	-	-	9	14	—	—	▼
Ұлытау облысы	-	-	4	15	—	—	▼
Шығыс Қазақстан облысы	7	9	11	16	▼	▼	▼
Алматы облысы	15	11	15	17	▲	▼	▼
Түркістан облысы	17	17	20	18	—	▼	▼
Маңғыстау облысы	12	15	17	19	▼	▼	▼
Қостанай облысы	16	16	5	20	—	▲	▼

Ескерту: авторлар дереккөз негізінде әзірлеген [9]. ▲ - өсім, ▼ - төмендеу, — - тұрақты

Деректерге сәйкес, 2020-2023 жылдары Қазақстанның бірқатар өңірінде инвестициялық ахуалдың оң динамикасы байқалады. Атырау облысы 2020, 2021 және 2023 жылдары 1-ші орынды сақтап, 2022 жылы уақытша төмендеуге қарамастан, лидер болып келеді. Алматы 2021 жылы 12-ші орынға түскенімен, 2023 жылы 2-ші орынға көтерілді, бұл айтарлықтай жақсаруды көрсетеді. Қарағанды облысы 2022 жылы 16-шы орынға түскеніне қарамастан, 2023 жылы 3-ші орынға ие болды. Шымкент те өсу динамикасын көрсетті: 2020 жылы 18-ші орыннан 2023 жылы 11-ші орынға дейін көтерілді. Дегенмен, Қостанай облысы

сияқты кейбір өңір (2022 жылы 5-ші орыннан 2023 жылы 20-шы орынға дейін) төмендеу тенденциясын көрсетіп отыр, бұл экономикалық жағдайдың өзгеруіне байланысты болуы мүмкін. Төмен көрсеткіштері бар өңірлер (Түркістан, Маңғыстау облыстары) инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін қосымша шараларды қажет етеді.

2024 жылғы инвестициялық тартымдылық деңгейі бойынша өңірлердің таралуын қарастыра отырып, келесі топтарды бөліп көрсетуге болады:

1. Жоғары тартымдылық деңгейі бар өңірлер (70 балдан жоғары): Атырау облысы, Алматы, Қарағанды облысы, Астана.

2. Орташа тартымдылық деңгейі бар өңірлер (60-70 балл): Павлодар облысы, Ақтөбе облысы, Жамбыл облысы, Шымкент.

3. Төмен тартымдылық деңгейі бар өңірлер (60 балдан төмен): Түркістан облысы, Маңғыстау облысы, Қостанай облысы.

Инвестициялық тартымдылықтың негізгі элементі ретінде қолайлы инвестициялық ахуал құру – бұл субъектінің дамуына қаражаттарды тартуға ұмтылатын әкімшілік аппараттың басты міндеті. Дегенмен, Қазақстан өңірлерінде инвестициялық қызметті жүзеге асыруды талдау және инвестициялық реттеу саласындағы нормативтік-құқықтық база бірқатар мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді. Олар өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыруға кедергі жасайды, бұл 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. Қазақстан өңірлерінде инвестициялық тартымдылықты арттыру мәселелері және шаралары

Өңірлерде қолайлы инвестициялық ахуалға қол жеткізу процесіне кедергі келтіретін мәселелер	Өңірлерде инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі іс-шаралар
Инвестицияны қолдау механизмдерінің бақылаусыздығы	Инвестициялық жобаларды іске асырудың біртұтас бақылау жүйесін құру.
Инвестициялық қызметтің инфрақұрылымының дамымауы	Инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция тарту үшін мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті (МЖӘ) дамыту.
Артық бюрократия	Бизнес пен мемлекеттің өзара әрекеттесуін автоматтандыру үшін цифрлық платформаларды енгізу.
Кәсіпкерлік мәдениеті мен бастамашылықтың төмен деңгейі	Кәсіпкерлерге арналған білім беру бағдарламаларын құру, шетелдік тәжірибені енгізу.
Инвестициялық жобаларда ашықтықтың болмауы	Инвестициялық жобалар бойынша ашық деректер, статистика және ұсыныстарды қамтитын порталды әзірлеу.
Салалық инвестициялау (шикізат секторына тәуелділік)	Экономиканы әртараптандыру, шикізаттық емес салаларды (IT, туризм, ауыл шаруашылығы) қолдау.
Білікті кадрлардың жетіспеушілігі	Халықаралық тәжірибені ескере отырып, кадрларды кәсіби дайындау және қайта даярлау жүйесін құру.
Өңірлердің теңсіз дамуы	Төмен өңірлерді қолдауға арналған бағдарламаларды әзірлеу, арнайы экономикалық аймақтар құру.

Ескерту: авторлармен әзірленген

Ерекше назар аударатын мемлекеттік қолдау шараларына Қазақстан өңірлерінің экономикалық әлеуетін арттыруға бағытталған бағдарламалар жатады. Мысалы, Қазақстанның әртүрлі өңірлерінде экономикалық дамудың әлеуеті айтарлықтай жоғары, бірақ оны толық пайдалану үшін мемлекеттік қолдау мен инвестицияның тиімді бағытталуы қажет.

Кейінгі жылдары Қазақстан үкіметі өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында бірқатар ірі бағдарламаларды іске асыруда. Осыған орай, «Нұрлы жер» сияқты бағдарламалар аясында ауылдық аудандардың инфрақұрылымы мен экономикасын дамытуға көп көңіл бөлінуде. Бұл бағдарламалардың қаржыландыру көлемі миллиардтан астам теңгені құрайды, бұл өңірлердегі экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күші болып саналады.

Сонымен қатар, Қазақстан үкіметі өңірлердің әртараптандырылған дамуына баса назар аударып, арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) құру арқылы инвестицияларды тартуға тырысуда. Мысалы, «Астана – жаңа қала», «Оңтүстік» және «Морпорт Ақтау» сияқты АЭА-лар инвесторларға салық жеңілдіктері, жеңілдетілген кедендік процедуралар және басқа да преференцияларды ұсыну арқылы тартымдылықты арттыруға бағытталған.

Дегенмен, бірқатар сарапшылардың пікірінше, өңірлердің экономикалық әлеуетін толық пайдалану үшін инфрақұрылымдық жобаларды дамыту, білікті кадрларды даярлау және заңнамалық базаны ашық ету қажет. Бірқатар өңірде әлі де бюрократиялық кедергілер мен инфрақұрылымның жетіспеушілігі инвестициялық тартымдылықты төмендетуде.

Қазақстан үкіметі кейінгі жылдары инвестициялық ахуалды жақсарту мақсатында «Өңірлік инвестициялық стандартты» енгізуге тырысуда. Бұл стандарт өңірлерде бизнес-ортаны жақсартуға бағытталған 15 негізгі шараны қамтиды. Оның ішінде инвесторлар үшін жеңілдетілген процедуралар, инфрақұрылымды дамыту және салық жеңілдіктері бар. Бұл стандарттың енгізілуі 2010 жылдардың басынан бастап міндетті сипат алды, бірақ оның нәтижелері әлі де толық сезілмеуде. Дегенмен, сарапшылардың болжауынша, алдағы 2-4 жыл ішінде бұл стандарттың рөлі өңірлердің инвестициялық тартымдылығын арттыруда айтарлықтай өседі.

Сонымен қатар, Қазақстан үкіметі «Ұлттық жобалар» бағдарламасы аясында өңірлердің экономикалық дамуына көп көңіл бөлуде. Бұл жобалардың қаржыландыру көлемі триллиондаған теңгені құрайды, бұл шара өңірлердегі инфрақұрылымды, білім беруді және инновациялық салаларды дамытуға бағытталған [10].

Осылайша, Қазақстан өңірлерінің экономикалық әлеуетін толық пайдалану үшін мемлекеттік қолдау, инфрақұрылымды дамыту және инвестициялық ахуалды жақсарту шараларын жүзеге асыру қажет. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де көп, бірақ олардың нәтижелері алдағы жылдарда өңірлердің экономикалық дамуына елеулі ықпал етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижесіндегі деректер мен инвестициялық тартымдылық рейтингтеріне сүйене отырып, Қазақстан өңірлерінің арасында бизнес жүргізуге қолайлы жағдайларға, қолайлы географиялық орналасуға және елеулі табиғи ресурстарға ие болған өңірлер лидерлікке шығады. Бірнеше жыл бойы инвестициялық тартымдылық рейтингінде Алматы қаласы тұрақты түрде бірінші орынды иеленіп келеді, бұл дамыған инфрақұрылым, жоғары экономикалық белсенділік пен бизнестің шоғырлануына байланысты. Дегенмен, бірте-бірте Атырау және Маңғыстау сияқты өңірлер де лидерлікке шығуда, олар мұнай-газ саласындағы қуатты ресурстық әлеуетімен ерекшеленеді.

Қазақстан өңірлерінің инвестициялық әлеуетін жақсартудың негізгі шарты институционалдық құрамдас болып табылады, оған заңнаманың ашықтығы, мемлекеттік басқарудың тиімділігі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес кіреді. Бұл тұрғыдан алғанда ең табысты өңірлердің бірі – Астана және Қарағанды облысы, онда бизнес жүргізуді жеңілдету үшін цифрлық технологиялар мен жеңілдетілген процедуралар енгізілуде.

Жалпы алғанда, Қазақстанның бірқатар өңірінде инвестициялық әлеуеттің артуы байқалуда. Бұл негізінен мемлекеттің қолдауы, ұлттық бағдарламаларды іске асыру және салалық құрылымдар арасында қаражаттарды тиімді бөлу арқылы қол жеткізілді. Дегенмен, инвестициялық тартымдылықты одан әрі жақсарту үшін бюрократиялық кедергілер, инфрақұрылымның жетіспеушілігі және білікті кадрлардың тапшылығы сияқты мәселелерді шешу қажет.

Алдағы уақытта осы мәселелерді шешу және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету арқылы ғана Қазақстан өңірлерінің даму деңгейін арттыруға болады. Инвесторлар үшін сенімділік пен қауіпсіздіктің негізгі көрсеткіштерін қамтамасыз ету, сондай-ақ экономиканы әртараптандыру және бей-шикізаттық салаларды дамыту үшін жағдайлар

жасау маңызды қадам болып саналады. Мемлекеттің қолдауы, инфрақұрылымды дамыту және инвестициялық ахуалды жақсартуды қамтитын кешенді тәсіл ғана Қазақстан өңірлеріне инвестициялық тартымдылықтың жаңа деңгейіне жетуге және тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ваганов О. А. Оценка инвестиционной привлекательности региона: теоретические и практические аспекты. - 2020. - Журнал «Вестник Брянского государственного университета», №1 (47). - С. 123-130.
2. Адамбекова А. А., Аппазов А., Адамбеков Н. Т., Аманкелді Н. А. Инвестиционная привлекательность стран Центральной Азии: факторы и критерии оценки. - 2023. - Вестник университета «Туран». №3. - С. 153-169. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-153-169>
3. Roszko-Wójtowicz, E., Grzelak, M. M. Multi-dimensional analysis of regional investment attractiveness in Poland. - 2021. Journal of Economics and Economic Policy, №1(16), P. 103-138.
4. Alibekova, V., Abildaev, S., Shaldarbekova, K. (2023). Analysis of Features of Investment Attractiveness of Agriculture in Kazakhstan, Eurasian Journal of Economic and Business Studies. - №2 (67). - P. 146-157. <https://doi.org/10.47703/ejeb.v2i67.296>
5. Amanbaeva A. A., Tolymgozhinova M. K., Azykanova S. A., Ku T.L. (2021) Analysis and efficiency evaluation of investments resources attraction to the region, Bulletin of «Turan» University. - №3, - P. 88-95. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-88-95>
6. Klymenko, N., Voronenko, I., Nehrey, M., Rogoza, K., & Rogoza, N. (2023). Risk assessment of shock periods and investment attractiveness of agrohholdings of Ukraine. Agricultural and Resource Economics: International Scientific E-Journal. - №2(9), - p. 163-182. <https://doi.org/10.51599/are.2023.09.02.07>
7. Pavlov, K., Pavlova, O., Ilyin, L., Novosad, O., Bortnik, S. (2023) Assessment Of Innovation And Investment Attractiveness Of The Western Ukrainian Regional Market Of Tourist Services, Sciendo. - №1(11). - p. 45-68. DOI: <https://doi.org/10.2478/eoik-2023-0005>
8. Некрасова О. Л. Формирование стратегии инвестиционного развития региона, Донецк. - 2017. - с. 42.
9. Қазақстан Республикасы Стратегиялық бастамалар орталығы. [Электрондық ресурс]. URL: https://kz.csi.kz/kz_2023_3r (қол жеткізген күні: 15.02.2025)
10. Forbes Kazakhstan: Экономический потенциал регионов РК. [Электрондық ресурс]. URL: https://forbes.kz/articles/ekonomicheskij_potentsial_regionov_rk (қол жеткізген күні: 10.03.2025)

REFERENCES

1. Vaganov O.A. Osenka investisionnoi privlekatelnosti regiona: teoreticheskie i prakticheskie aspekty [Assessment of the investment attractiveness of the region: theoretical and practical aspects]. - 2020. - Jurnal «Vestnik Bränskogo gosudarstvennogo universiteta», №1 (47). - S. 123-130.
2. Adambekova A.A., Appazov A., Adambekov N.T., Amankeldi N.A. Investisionnaia privlekatelnöst stran Senträlnoi Azii: faktory i kriterii osenki [Investment attractiveness of Central Asian countries: factors and evaluation criteria]. - 2023. - Vestnik universiteta «Turan». №3. - S. 153-169. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2023-1-3-153-169>
3. Roszko-Wójtowicz, E., Grzelak, M. M. Multi-dimensional analysis of regional investment attractiveness in Poland. - 2021. Journal of Economics and Economic Policy. - №1(16), P. 103-138.
4. Alibekova, V., Abildaev, S., Shaldarbekova, K. (2023). Analysis of Features of Investment Attractiveness of Agriculture in Kazakhstan, Eurasian Journal of Economic and Business Studies. - №2 (67). - P. 146-157. <https://doi.org/10.47703/ejeb.v2i67.296>
5. Amanbaeva A.A., Tolymgozhinova M.K., Azykanova S.A., Ku T.L. (2021) Analysis and efficiency evaluation of investments resources attraction to the region, Bulletin of «Turan» University. - №3, - P. 88-95. <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2021-1-3-88-95>
6. Klymenko, N., Voronenko, I., Nehrey, M., Rogoza, K., & Rogoza, N. (2023). Risk assessment of shock periods and investment attractiveness of agrohholdings of Ukraine. Agricultural and Resource Economics: International Scientific E-Journal. - №2(9), - p. 163-182. <https://doi.org/10.51599/are.2023.09.02.07>

7. Pavlov, K., Pavlova, O., Ilyin, L., Novosad, O., Bortnik, S. (2023) Assessment of Innovation and Investment Attractiveness Of The Western Ukrainian Regional Market Of Tourist Services, Sciendo. - №1(11). - p. 45-68. <https://doi.org/10.2478/eoik-2023-0005>
8. Nekrasova O.L. Formirovanie strategii investitsionnogo razvitiya regiona, Donesk [Formation of an investment development strategy for the region, Donetsk]. – 2017. – s. 42.
9. Qazaqstan Respublikasy Strategialyq bastamalar ortalygy. [Electronic resource]. URL: https://kz.csi.kz/kz_2023_3r (accessed: 15.02.2025)
10. Forbes Kazakhstan: Ekonomicheskii potentsial regionov RK. [Electronic resource]. URL: https://forbes.kz/articles/ekonomicheskii_potentsial_regionov_rk (accessed: 10.03.2025)

СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ И ОЦЕНКА ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА

Каржау Ж.Э.*

магистрант
Казахский национальный университет
им. аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан
e-mail: elbursovna@gmail.com
ORCID: 0009-0006-5134-2547

Асилова А.С.

к.э.н
Казахский национальный университет им.
аль-Фараби
г. Алматы, Казахстан
e-mail: Aijan1910@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1967-0659

Аннотация. В статье рассматривается роль инвестиционной привлекательности в развитии и конкурентоспособности экономики Казахстана. Инвестиции являются основным драйвером экономического роста, позволяя модернизировать производственные мощности, внедрять инновационные технологии и создавать рабочие места. По словам президента Касым-Жомарта Токаева, диверсификация экономики и упор на инновационное развитие будут достигнуты за счет привлечения инвестиций. В исследовании предлагается новая система показателей для выявления потенциала регионов Казахстана посредством сравнительного анализа и оценки их инвестиционной привлекательности. С учетом экономических, социальных и географических особенностей регионов предлагаются эффективные стратегии повышения инвестиционной привлекательности. В статье анализируются рейтинги инвестиционной привлекательности регионов Казахстана за 2020-2023 годы. Отмечено, что если такие регионы, как Атырауская, Алматы и Астана, стабильно демонстрируют высокие показатели, то некоторым регионам (например, Костанайской, Мангистауской) требуются дополнительные меры, направленные на улучшение инвестиционного климата.

Результаты исследования будут способствовать совершенствованию инвестиционной политики, обеспечению сбалансированного регионального развития и повышению конкурентоспособности экономики Казахстана. Подчеркивается важность таких мер, как развитие инфраструктуры, улучшение деловой среды, подготовка квалифицированных кадров для повышения инвестиционной привлекательности. Статья имеет теоретическое и практическое значение, поскольку способствует разработке стратегий, направленных на полное раскрытие инвестиционного потенциала регионов Казахстана и обеспечение устойчивого экономического роста.

Ключевые слова: регион, инвестиционная привлекательность, оценка, сбалансированность регионального развития, фактор, конкурентоспособность.

COMPARATIVE ANALYSIS AND ASSESSMENT OF THE INVESTMENT ATTRACTIVENESS OF THE REGIONS OF KAZAKHSTAN

Karzhau Zh.E.*

Master student

Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

e-mail: elbursovna@gmail.com

ORCID: 0009-0006-5134-2547

Assilova A.S.

c.e.s

Al-Farabi Kazakh National University

Almaty, Kazakhstan

e-mail: Aijan1910@mail.ru

ORCID: 0000-0002-1967-0659

Abstract. The article examines the role of investment attractiveness in the development and competitiveness of the Kazakh economy. Investments are the main driver of economic growth, allowing for the modernization of production capacities, the introduction of innovative technologies, and the creation of jobs. According to President Kassym-Jomart Tokayev, diversification of the economy and an emphasis on innovative development are achieved by attracting investments. The study proposes a new system of indicators to identify the potential of the regions of Kazakhstan through a comparative analysis and assessment of their investment attractiveness. Effective strategies for increasing investment attractiveness, taking into account the economic, social, and geographical characteristics of the regions, are proposed. The article analyzes the investment attractiveness ratings of the regions of Kazakhstan for 2020-2023. While regions such as Atyrau, Almaty, and Astana have consistently high indicators, it is noted that additional measures are needed to improve the investment climate in some regions (for example, Kostanay, Mangystau).

The results of the study contribute to improving investment policy, ensuring balanced regional development, and increasing the competitiveness of the Kazakh economy. The importance of measures such as infrastructure development, improvement of the business environment and training of qualified personnel to increase investment attractiveness is emphasized. The article is of theoretical and practical importance, as it helps to develop strategies aimed at fully unlocking the investment potential of the regions of Kazakhstan and ensuring sustainable economic growth.

Keywords: region, investment attractiveness, assessment, balancing regional development, factor, competitiveness.